№ 6-ПГСВ от 13.03.2026

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КОМИТЕТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАУЛЫ

_____
Астана қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№_____
город Астана

Қазақстан Республикасында тұмауды, COVID-19 коронавирус инфекциясын және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекцияларды шолғыншы және күнделікті эпидемиологиялық қадағалауды жүргізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, 102-бабының 1-тармағына сәйкес халық арасында жаппай сырқаттанушылықтың туындауына жол бермеу және Қазақстан Республикасында тұмауды, COVID-19 коронавирус инфекциясын (бұдан әрі – COVID-19) және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекцияларды (бұдан әрі – ЖРВИ) шолғыншы және күнделікті эпидемиологиялық қадағалауды жүргізу мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Жетісу облысының және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдарының (бұдан әрі – ДСБ) және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі – Комитеттің аумақтық бөлімшелері, Комитет) басшылары:

1) республиканың шолғыншы орталықтарында тұмауды, тұмау тәрізді ауруларды (бұдан әрі – ТТА), ауыр жіті респираторлық инфекцияларды (бұдан әрі – АЖРИ), COVID-19 және басқа да ЖРВИ-ды жыл бойы шолғыншы эпидемиологиялық қадағалауды (бұдан әрі – ШЭҚ);

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

2) тұмауды, ТТА-ны, АЖРИ-ды, COVID-19 және басқа да ЖРВИ-ды шолғыншы орталықтарда және облыстық деңгейде (Комитеттің аумақтық бөлімшелері/ДСБ) ШЭҚ-ға жауапты тұлғаларды айқындауды;

3) шолғыншы емханаларда ЖРВИ-мен жүгінген адамдар қатарынан ТТА жағдайларын және шолғыншы стационарға емдеуге жатқызылған адамдар қатарынан АЖРИ жағдайларын апта сайын есептеуді;

4) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес ауру жағдайларының стандартты анықтамаларына сәйкес ТТА және АЖРИ-мен ауыратын науқастарды іріктеуді, науқастардан алынған материалды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Ұлттық сараптама орталығы филиалдарының (бұдан әрі – ҰСО филиалдары) вирусологиялық зерханаларына уақтылы жеткізуді;

5) үлгілерді іріктеу үшін дәрігер клиницист пен мейіргер (жағынды алуға үйретілген) бар бригаданың ТТА-мен ауыратын науқастардың үйіне баруын және вирусологиялық зертханаға жолдаманы ресімдеуін;

6) ТТА және АЖРИ бойынша толық клиникалық, эпидемиологиялық және зертханалық деректерді ұлттық деңгейге уақтылы және дұрыс ұсынуды;

7) шолғыншы орталықтарда клиникалық, зертханалық және эпидемиологиялық деректерді ТТА, АЖРИ жағдайларының және тұмаудың зертханалық расталған жағдайларының ерекшеліктерін сипаттай отырып, оның ішінде демографиялық (жас ерекшелігі, жынысы, әлеуметтік-демографиялық топтары), клиникалық (ЖРВИ-дің жеңіл және ауыр ағымы және (немесе) өкпенің жіті және (немесе) созылмалы аурулары бар) және эпидемиологиялық (жиілігін, уақытша тенденцияларын және географиялық таралуын, тәуекел факторларын анықтау) деректерді талдауды;

8) эпидемия алдындағы кезеңде жылына кемінде бір рет шолғыншы орталықтардың медицина қызметкерлерімен ШЭҚ жүйесін ұйымдастыру және жетілдіру бойынша тренингтер, нұсқамалар өткізуді;

9) ақпарат таратуды: website-те жариялауды, шолғыншы орталықтарға мерзімді есептер негізінде кері байланысты, қажет болған кезде деректерді басқа мүдделі ұйымдарға ұсынуды қамтамасыз етсін.

2. Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ДСБ мен ҰСО бірлесіп:

1) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тұмауды, COVID-19 және басқа да ЖРВИ-ді күнделікті эпидемиологиялық қадағалауды жүргізсін.

3. Комитеттің Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстары, Жетісу облысы және Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша аумақтық бөлімшелерінің басшылары:

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

1) ЖРВИ мен тұмауды қадағалаудың ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АЖ) апта сайынғы әкімшілік есептерді жыл бойы, бейсенбі күндері сағат 17-00-ден кешіктірмей уақтылы енгізуді;

2) ТТА және АЖРИ сауалнамаларының эпидемиологиялық деректерін жыл бойы, АЖ-не сауалнаманы алған сәттен бастап 48 сағаттан кешіктірмей уақтылы енгізуді;

3) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес нысаналы индикаторлардың көмегімен ШЭҚ жүйесін уақтылы бағалауды, сынамаларды іріктеудің толықтығын, сауалнамаларды толтырудың толықтығын жүргізуді;

4) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі – ДДСҰ) Еуропалық өңірлік бюросының электрондық құралы, сауалнама жүргізу, эпидемия алдындағы және эпидемиялық маусымдардағы медицина қызметкерлерінің іс-әрекеттерін визуалды бақылау негізінде шолғыншы орталықтарда ШЭҚ ұйымының сапасын бағалау жүргізуді, шолғыншы орталықтардың басшыларында бағалау қорытындыларын талқылай отырып, әдістемелік және практикалық көмек көрсетуді;

5) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық Қоғамдық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – ҰҚДСО) шолғыншы орталықтардың жұмысын бағалау деректерін ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Жетісу облысының және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының ДСБ басшылары:

1) ауру басталғаннан бастап алғашқы 10 күн ішінде стационарға емдеуге жатқызылған ЖРВИ және тұмаудың ауыр және асқынған ағымы бар жүкті әйелдерді, 5 жасқа дейінгі балаларды тұмауға және ЖРВИ-ге зерттеулер жүргізуді қоспағанда, ТТА және АЖРИ бойынша шолғыншы өңірлерде (оның ішінде облыстың шолғыншы қалалары мен аудандарында) тұмаумен, ЖРВИ-мен ауыратын науқастардан серологиялық зерттеу үшін жағындылар мен қан үлгілерін күнделікті іріктеуді алып тастауды қамтамасыз етсін. ЖРВИ және тұмаудың ауыр ағымы бар өзге де науқастардан алынған материалды жеткізуді Комитеттің аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша жүзеге асыруды;

2) (ересектерге және (немесе) балаларға) стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда АЖРИ-ны ШЭҚ-ды;

3) (ересектерге және (немесе) балаларға) амбулаториялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда ТТА-ны ШЭҚ-ды;

4) шолғыншы орталықтардың Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне ЖРВИ/ТТА-мен ауыратын науқастардың жүгіну жағдайы және АЖРИ-мен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу туралы есептік деректерді апта сайын бейсенбі күні сағат 15-00-ден кешіктірмей және ТТА/АЖРИ жеке

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан Бегалина С. Б.

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

сауалнамарын – жағдайлар тіркелген кезде және үлгелірді іріктеу кезіне ұсынуын;

5) шолғыншы орталықтарда ШЭҚ ұйымдастыруға жауапты медицина қызметкерлерін (госпитальдық эпидемиологтар, клиницистер, ШЭҚ үшін жауапты мамандар) жыл сайын оқытуды;

6) тұмауға және басқа да тұмау емес вирустарға тестілеу үшін ҰСО филиалдарының вирусологиялық зертханаларына іріктелген үлгілерді уақтылы жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Ұлттық сараптама орталығының (бұдан әрі – ҰСО) директоры:

1) шығыс зертханалық материалдардың, науқастардан үлгілерді алу үшін шығыс материалдардың, полимеразды тізбекті реакцияны (бұдан әрі – ПТР), вирусологиялық және молекулалық-генетикалық зерттеулер жүргізу үшін тест-жүйелердің, диагностикумдардың азайтылмайтын қорын;

2) ШЭҚ жүйесіне қатысатын вирусологиялық зертхана мамандарына эпидемия алдындағы кезеңде тұмауды, COVID-19, ЖРВИ-ды диагностикалаудың заманауи әдістерін жылына кемінде бір рет әдіснамалық көмек көрсетуді және оларды жыл сайынғы даярлауды (семинарлар, тренингтер және т.б.);

3) тұмаудың, COVID-19, ЖРВИ-дың барлық оң үлгілерін зертханада эпидемиологиялық маусым аяқталған сәттен бастап кемінде бір жыл сақтауды;

4) Астана қаласының ҰСО зертханалық зерттеулерінің сапасына сыртқы бағалау жүргізу мақсатында ДДҰ зертханалық желісіндегі тұмау жөніндегі ұлттық орталық болып табылатын Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» филиалының вирустық инфекцияларды бақылау жөніндегі референс-зертханасына (бұдан әрі – референс зертхана) үлгілердің кемінде тұмаудың оң нәтижелермен 10%-ы және үлгілердің теріс нәтижелермен 5%, сондай-ақ барлық оқшауланған изоляттар мен типтелмеген вирустарды ай сайын жіберуді;

5) ҰСО филиалдарының вирусологиялық зертханаларының қызметін бағалауды жүргізе отырып, 3 жылда кемінде 1 рет шолғыншы және күнделікті қадағалау өңірлеріне бару арқылы ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсетуді;

6) республиканың Солтүстік Батыс өңірінің (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Ұлытау облысы және Астана қаласы) шолғыншы және күнделікті орталықтарынан келіп түскен тұмау және SARS-CoV-2 вирустарының оң үлгілерін қайта тестілеу арқылы зертханалық зерттеулердің сапасына бағалау жүргізуді, сондай-ақ «кері байланыс» қағидаты бойынша ҰСО филиалдарына зертханалық зерттеулердің нәтижелерін уақтылы ұсынуды;

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

7) республиканың Солтүстік Батыс өңірінің (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Ұлытау облысы және Астана қаласы) шолғыншы және күнделікті орталықтарынан келіп түскен тұмау үлгілерін/штаммдарын ретроспективті іріктеу жолымен эпидемиялық маусымда айналымдағы тұмау/ЖРВИ және SARS-CoV-2 вирустарының молекулалық-генетикалық және фенотиптік қасиеттерін зерттеуді;

8) ДДҰ ұсынымдарына сәйкес республиканың солтүстік батыс аймағынан іріктелген тұмау вирустарының репрезентативті үлгілері мен штаммдарын ДДҰ-ның ынтымақтас орталықтарының (бұдан әрі – ДДҰ ЫО) біріне эпидемиялық маусымда (қаңтар, мамыр) кемінде екі рет үлгілерді одан әрі ұсыну үшін референттік зертханаға уақтылы жіберуді;

9) GISAID (EpiFlu/EpiCoV) халықаралық деректер базасына тұмау вирустары мен COVID-19 секвенирлеу нәтижелері бойынша деректерді уақтылы (секвенирлеу нәтижелерін алғаннан кейін 7 күн ішінде) енгізуді;

10) эпидемиялық маусым ішінде Комитетке антигендік және генетикалық сипаттаманың нәтижелері туралы, сондай-ақ тұмау/ЖРВИ және COVID-19 вирустарының вирусқа қарсы сезімталдығын айқындау туралы есептер беруді қамтамасыз етсін.

6. ҚДСҰО төрағасы:

1) тұмауды, COVID-19 және басқа да ЖРВИ-ды эпидемиологиялық қадағалауды эпидемиологиялық қадағалау жүйесінің жұмысын үйлестіруді;

2) Қазақстан Республикасындағы және әлемдегі апта сайынғы эпидемиологиялық жағдай бойынша және эпидемиологиялық маусымның қорытындылары бойынша ақпаратты талдауды;

3) тұмау және басқа да алаңдатарлық жағдайлар кезінде қоғамдық денсаулық сақтауды хабардар етудің ұлттық және халықаралық жүйесін құруды;

4) эпидемия алдындағы кезеңде жылына кемінде бір рет сертификат бере отырып ШЭҚ жүйесіне қатысатын медицина қызметкерлеріне, вирусологиялық зертханалардың, Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің/ДСБ мамандарына әдіснамалық көмек көрсетуді және оларды жыл сайынғы даярлауды (семинарлар, тренингтер және т.б.);

5) тұмау жөніндегі тиімді эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шараларды әзірлеуді және енгізуді, халық арасында тұмауға қарсы вакцинациямен қамту деңгейін мониторингілеуді;

6) тұмауды және басқа да ЖРВИ-ды емдеу, вакцинациялау, эпидемиологиялық және зертханалық қадағалау мәселелеріне арналған жыл сайынғы конференцияны өткізуді;

7) шолғыншы және күнделікті қадағалау орталықтарының, Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің және ҰСО филиалдарының вирусологиялық зертханаларының қызметін бағалауды жүргізе отырып, 3 жылда кемінде 1 рет

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

шолғыншы және күнделікті қадағалау өңірлеріне бару арқылы ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсетуді;

8) тұмауды эпидемиологиялық және зертханалық қадағалау шеңберіндегі халықаралық ынтымақтастықты;

9) Аурулардың алдын алу және бақылау жөніндегі Еуропалық орталықтың (ECDC) TESSY желісінің веб-сайтына ЖРВИ/ТТА/АЖРИ эпидемиологиялық қадағалау деректерін және зертханалық мониторинг нәтижелерін апта сайын енгізуді;

10) науқастардан үлгілерді алу үшін шығыс зертханалық материалдардың, ПТР, вирусологиялық және молекулалық-генетикалық зерттеулер жүргізу үшін тест-жүйелердің, диагностикумдардың азайтылмайтын қорын;

11) тұмаудың, COVID-19, ЖРВИ-дың барлық оң үлгілерін зертханада эпидемиологиялық маусым аяқталған сәттен бастап кемінде бір жыл сақтауды;

12) республиканың оңтүстік шығыс өңірінің (Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Абай және Жетісу облыстары, Алматы және Шымкент қалалары) шолғыншы және күнделікті қадағалау орталықтарынан келіп түскен тұмаудың және SARS-CoV-2 вирустарының оң үлгілерін қайта тестілеу арқылы зертханалық зерттеулердің сапасын бағалау жүргізуді, сондай-ақ «кері байланыс» қағидаты бойынша ҰСО филиалдарына зертханалық зерттеулердің нәтижелерін уақтылы ұсынуды;

13) республиканың оңтүстік-шығыс өңірінің (Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Абай және Жетісу облыстары, Алматы және Шымкент қалалары) шолғыншы және күнделікті қадағалау орталықтарынан келіп түскен эпидемиологиялық маусым айналымындағы тұмау/ЖРВИ және SARS-CoV-2 вирустарының тұмаудың үлгілерін/штаммдарын ретроспективті іріктеу арқылы молекулярлық-генетикалықжәне фенотиптік қасиеттерін зерделеуді;

14) эпидемиологиялық маусым ішінде (қаңтар, мамыр) кемінде екі рет ДДҰ ЫҰ-на тұмау вирустарының репрезентативті үлгілері мен штаммдарын уақтылы жіберуді;

15) Комитетке антигендік және генетикалық сипаттаманың нәтижелері туралы, сондай-ақ тұмау/ЖРВИ және COVID-19 вирустарының вирусқа қарсы сезімталдығын айқындау туралы есептер беруді;

16) ақпаратты тарату: есепті жоғарғы инстанцияларға ұсыну, website-та жариялау, өңірлерге мерзімдік есептер негізінде кері байланыс беру, қажет болған жағдайда есептерді басқа мүдделі ұйымдарға ұсынуды қамтамасыз етсін.

7. Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Жетісу облыстары және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының ҰСО филиалдарының директорлары:

1) тұмауды, COVID-19 және басқа ЖРВИ-ды шолғыншы қадағалауды;

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

2) ПТР, вирусологиялық зерттеулерді жүргізу үшін науқастардан үлгілерді алуға шығыс материалдардың, тест-жүйелердің, диагностикумдардың азайтылмайтын қорын;

3) ҰСО мен ҰҚДСО-на 15 қыркүйекке дейін ақпарат бере отырып, тұмаумен және басқа да ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың өршуі кезінде вирусологиялық зертханалардың дайындығын;

4) нәтижелерді алғаннан кейін 24 сағат ішінде АЖ-да зертханалық зерттеулердің нәтижелерін енгізуді;

5) ТТА және АЖРИ-мен ауыратын барлық науқастан алынған материалды А және В тұмауы вирустарын типтей отырып, А тұмауы вирустарын субтиптеу арқылы тұмаудың және COVID-19 вирустарына ПТР әдісімен зерттеуді;

6) вирусологиялық әдіспен тұмауға оң үлгілерді (10%-дан аспайтын) зерттеуді;

7) тұмауға және COVID-19-ға теріс үлгілерді басқа ЖРВИ-ға зерттеуді;

8) тұмаудың, COVID-19 және ЖРВИ-дың оң үлгілерін зертханада эпидемиялық маусым аяқталған сәттен бастап кемінде бір жыл сақтауды;

9) зертханалық зерттеулердің нәтижелерін медициналық ұйымдарға нәтижелерді алғаннан кейін 24 сағат ішінде уақтылы ұсынуды;

10) Астана қаласының ҰСО филиалына республиканың солтүстік батыс өңірлерінен (Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарына және Астана қаласынан), референттік зертханаға республиканың оңтүстік шығыс өңірлерінен (Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу облыстарынан және Алматы мен Шымкент қалаларынан) айына 1 рет тұмау және SARS-CoV-2 вирустарының барлық оң үлгілерін, 5% теріс үлгілерін, типтелмейтін үлгілерді, сондай-ақ тұмаудың барлық оң изоляттарын жіберуді;

11) осы қаулының орындалуы бойынша жыл сайынғы есептерді Комитетке эпидемиялық маусым аяқталғаннан кейін жыл сайын ұсынуды қамтамасыз етсін.

8. Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Түркістан облыстары, Абай және Ұлытау облыстары бойынша ҰСО филиалдарының директорлары:

1) тұмауды, COVID-19 және басқа ЖРВИ-ды күнделікті қадағалауды;

2) ПТР, вирусологиялық зерттеулерді жүргізу үшін науқастардан үлгілерді алуға шығыс материалдардың, тест-жүйелердің, диагностикумдардың азайтылмайтын қорын;

3) ҰСО мен ҰҚДСО-на 15 қыркүйекке дейін ақпарат бере отырып, тұмаумен және басқа да ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың өршуі кезінде вирусологиялық зертханалардың дайындығын;

4) нәтижелерді алғаннан кейін 24 сағат ішінде АЖ-да зертханалық зерттеулердің нәтижелерін енгізуді;

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Бегожина С. Б.

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

5) науқастардан алынған материалды А және В тұмауы вирустарын типтей отырып, А тұмауы вирустарын субтиптеу арқылы тұмаудың және COVID-19 вирустарына ПТР әдісімен зерттеуді;

6) вирусологиялық әдіспен тұмауға оң үлгілерді (10%-дан аспайтын) зерттеуді;

7) тұмауға және COVID-19-ға 20%-дан аспайтын теріс үлгілерді басқа ЖРВИ-ға зерттеуді;

8) тұмаудың, COVID-19 және ЖРВИ-дың оң үлгілерін зертханада эпидемиялық маусым аяқталған сәттен бастап кемінде бір жыл сақтауды;

9) Астана қаласының ҰСО филиалына республиканың солтүстік батыс өңірлерінен (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарынан) және референттік зертханаға республиканың оңтүстік-шығыс өңірлерінен (Алматы, Қызылорда, Түркістан облыстарынан және Абай мен Ұлытау облыстарынан) айына 1 рет тұмау және SARS-CoV-2 вирустарының барлық оң үлгілерін, 5% теріс үлгілерін, типтелмейтін үлгілерді, сондай-ақ тұмаудың барлық оң изоляттарын жіберуді;

10) осы қаулының орындалуы бойынша жыл сайынғы есептерді Комитетке эпидемиялық маусым аяқталғаннан кейін жыл сайын ұсынуды қамтамасыз етсін.

9. «Қазақстан Республикасында тұмау, тұмау тәріздес аурулар, ауыр жіті респираторлық инфекциялар және басқа жіті респираторлық инфекцияларға шолғыншы эпидемиологиялық қадағалауды жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік дәрігерінің 2019 жылғы 15 мамырдағы №4-БМСДҚ қаулысының күші жойылды деп саналсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

11. Осы қаулы Комитетінің ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері **С. Бейсенова**

Согласовано
10.03.2026 16:38 Ширинбекова Рита Абдукасымовна
10.03.2026 16:42 Тилесова Айгуль Шарапатовна
11.03.2026 10:34 Катренова Айгуль Нургалиевна
11.03.2026 12:34 Кожапова Роза Абзаловна
11.03.2026 12:39 Сейтмагамбетова Шаукиш Аманжоловна

Подписано
11.03.2026 17:05 Бейсенова Сархат Сагинтаевна

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан Бейсенова С. Д.

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП



Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Беккожина С. Б.

Дата: 13.03.2026 09:05. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП